# "Дос. Жолдас. Құрбы - құрдас."

# Біздің мақсатымыз:

«Сіздерге  дос, достық деген ұғымның  мағынасын терең ажырата  біліп, өмірде өздеріңе сыйлас, сырлас дос таба білуге баулу, достықты қадірлеуге шақыру.»

“Шын дос үшін қалайда
Тік қатерге басыңды
Айыра біл алайда
Досың менен қасыңды.”

Жаяу Муса

# САЙЫСТЫҢ БӨЛІМДЕРІ:

1. Амандасу рәсімі " Достық торын" жасау
2. "Дос деген кім?" ми шабуылы
3. "Жағдаяттан шығу"
4. Сергіту сәті "Ептілік пен тапқырлық"
5. "Ой толғаныс"
6. "Жалғастырып көр ойыны"
7. " Жүректен жүрекке" сабақты қорытындылау

# "Достық торы" ойыны

“ Достық - өмір үшін ең қажетті нәрсе, өйткені ешкім ешқашан да игілікке түгел ие бола тұрса да, дос – жарансыз өмірді қаламақ емес.”

Аристотель


1. Дос деген кім?
2. Достық дегенді қалай түсінеміз?

# ДОС

Қиын кезде көмектеседі

Сырыңды бөлісетін адам

Сенімен бірге қуанатын адам

Ақыл, кеңес береді

Әрдайым шындықты айтады

Адал, шыншыл

**Достық сезімі адам арасындағы өмірде олардың бірін – бірі қажетсінуінен, құрмет тұтынуынан, шынайы тілектестік пен өзіндей көріп сенуінен, бір – біріне тірек, медет болуынан, қам – қайғысыз ғана емес, әсіресе қиын – қыстау күндерде іркілместен қасынан табылуынан, риясыз, есепсіз жомарттылықпен көрінеді.**

"Шын дос табу қандай қиын болса, мәңгілік дос болып қалу одан да қиын"

# Жағдаяттан шығу

**Арман мен Аққу дос еді. Бір күні екеуі келіспей қалды. Арман өзінің досына келіп көңілін білдірді**

**Арман: Жеңіс мен жүріп жүрген қызыммен келіспей қалдым. Ақыл айтшы, енді не істеймін?**

**Жеңіс: Қиналма кеткен қыз өзі келеді. Нағыз болмаса, қыз көп емес па?**

**Арман: Мен оны жақсы көремін ғой. Одан басқа қыз керек емес маған**

Жеңіс: Ақыл айтайын ба? Анаша шек. Дүниедегі барлық нәрсені ұмыттырады Тіпті Аққуды да. Мен шегіп жүрмін. Кайф

Екеуі шегеді. Бір аптадан соң Арманның анашаға ақша іздеп кісі тонағаны белгі болды.


" Ақылсыз достан,
ақылды дос артық"

**Жанар мен Фарида ең жақын достар еді. Екеуі кішкентай кезінен бірге ойнап, бірге өскен. Екеуде бір сыныпта оқиды. Әдеттегідей Жанар досына өз сырын ақтарады. Алайда сыр сақтайалмайтын құрбы қыз екеуінің арасындағы сырды өзге адамдаға жария етеді.**

" Көрінгенге сыр айтпа,

не десерің белгісіз"


"Сыр сақтау, тіліңнің
астына шоқ салып
алғаннан да қиын."


Сергіту сәті
" Ептілік пен тапқырлық"
www.DesktopCollector.com

Адамшылықтың алды - махаббат, ғаделет сезім.

Абай

1. Махаббат деген қандай сезім?
2. Махаббаттың түрлері
3. Адамға махаббат қаншалықты қажет?
4. Махаббат адам бойындағы жақсы қасиеттердің қалыптасуына көмектесем ала ма?
5. Махаббат әрқашан жақсылық әкеле ме?


Ата - анаға
Табиғатқа
Ұстазға
Туған өлкеге
Махаббат
Досқа
Отанға
Өнерге
өзге жанға

- Адал болу

- Бір – бірін сыйлау

- Жауапкершілікті сезіну

- Бір – біріне көмектесу

1/ Әрбір адамға дос керек өйткені ..................

2/ Менің досыма немесе сыныптастарыма тілерім ...........

3/ Сыйластық бар жерде ..............

"Жақсымен дос болсаң
Алдыңнан шығар елпектеп
Жаманменен дос болсаң
Сыртыңнан жүрер өсектеп"
М. Өтемісұлы


"Жүректен жүрекке"

Достық қуанышты екі еселеп,

қайғының жартысын азайтады.

**Шын достықта сыр болмайды қашанда,**
**Сатылмайды иманы бар алтынға.**
**Достық, достық, адамдықтан қашалған,**
**Сосын қымбат бұзылмаған қалпында.**

**Заман мынау азғырса да арасын,**
**Адал ниет төтеп берер дауылға.**
**Түсіре алмас шаң достықтың бағасын,**
**Қарлы боран, найзағайлы жауын да.**

**.**

# Өзіңді қорға,

# басқаларға көмектес!

Достығымыз достар арылмасын
Пейіліміз кеңейсін тарылмасын.
Жиі-жиі бас қосып сыр шерітсек
Жүрегіміз қалайша жарылмасын.

Күніміз күлкі бола берсін
Қуанышқа көңіліміз тола берсін,
Нұрлы аспан астында, аясында,
Басымызға бақ келіп қона берсін

# Қош сау болыңыздар!

Маңғыстау облысы
Қарақия ауданы
Қарақұдық орта мектебі
Тәрбие ісі орынбасары
Исагалиева Жанагуль Асхатовна

